

Еңлік Нүргүлжанова

*Алматы қаласы  
№133 орта мектептің  
«11а» сынып оқушысы*

## «ҰЛАН» ӨЗ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАДЫ

Балалар мен жасөспірімдердің сыршыл досына айналған, жасы үлкен болса да, айтар ойы мен бағыт бағдары әлі қартая қоймаған 81 жастағы бала басылым «Ұлан» газеті байқау жеңімпаздарын анықтады. Осыдан 1 ай бұрын газет бетіне «Журналист болғың келе ме?» атты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті мен Республикалық жасөспірімдер мен балалар газеті «Ұлан» ұйымдастырған байқау жарияланған болатын. Бұл байқау биыл 3-ші рет ұйымдастырылып отыр, сол жылдардан бері сақталып келе жатқан қағидалары мен талаптары бар. Яғни, берілген 5 тақырыптың біріне ұтымды ой, өткір пікір білдіріп шығарма жазу керек. Ал тақырыптары, мынадай:

1. «Қазақстан – Отаным!»
2. «Журналист мен армандаған мамандық»
3. «Егер мен бас редактор болмасам»
4. «Астана-арман қала»

## 5. «Менің ең сүйікті басылымым»

Жазылған шығармаларды мұқият тексеріп ішіндегі ең таңдаулы деген 15 шығарма иелері Алматы қаласында өткізілетін «Жас тілшілер форумына» шақырылады. Жалпы, бұл байқау журналистика мамандығын қалап, оқуға түсем деген 15 үміткерге 50%-дық жеңілдіктер көрсетеді.

Жә, әңгімеміздің әлқиссасына оралсақ. Форумға Шымкент, Тараз, Қызылорда, Ақтөбе, Ақтау, Павлодар қалаларынан 15 жас талапкер белсене қатысты. Бұл оқушылардың қатарында 5 тақырыпқа да шығарма жазған үміткерлер де бар.

Сағат 12.00-де ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3 залында жеңімпаз 15 талапкер «Байқау жеңімпазы» деген факультет деканы Есберген Алауханов мырзаның атынан жазылған мақтау қағаздары және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Одан кейін салтанатты кеш концерттік бағдарламаға ұласты, оны республикамызға танымал скрипкашы қыз Лана бастап берсе, әрі қарайғы тізгінді факультеттің өнерлі жастары өздері алды. Мерекелік шара барысында осы байқаудың 2009, 2010 жылғы, бүгінде ҚазҰУ-да оқитын жеңімпаз студенттері, яғни, Ә. Бегімбет, Б. Әнуарбек, К. Лайық, Р. Әрен, Т. Байысбекова, Б. Икрамова, М. Дарханбаева, Б. Сағындық, А. Алипова, Т. Әбушахман,

А. Тілеубердиева, А. Қалиеваның аты аталып, олардың атынан М. Дарханбаева құттықтауын өлеңмен жеткізді.

Факультет залынан керемет әсер алып шыққан жас талапкерлер «Ұлан» газетінің редакциясына бет алды. Қатысушыларға түскі ас берілгеннен кейін, редакция тынысын тамашалады.

«Жас Өркен» ЖШС-нің директоры Ж. Қорғасбектің бөлмесіне жиналған талапкерлер редакция мүшелерімен танысып, кездесу өтті. Үміткерлердің белсенді журналист болатынын, олардың танымал журналист Жүсіпбек Қорғасбекке, редакция алқасы мүшелеріне өздерін толғандырған мәселелері жөнінде қойған сұрақтарынан білуге болады. Кейін «Ұлан» газетінің бас редакторы Есей Жеңісұлы құттықтау сөз сөйлеп, жеңімпаздарды «Ұланның» арнаулы грамотасымен марапаттады. Ал, әр оқушыға «Ұланның» атынан сыйлық қоржынын бұрынғы жеңімпаздар табыстады. Үш сағатқа созылған үлкен жиыннан байқауға қатысушылар да, студенттер де керемет көңіл күймен тарқасты. Талапкерлер өздеріне бұл кездесулерден мол азық жинап қайтты және әсем, ару Алматыға арман қуып, оқуға келуге бел байлады.

**КӨРІСКЕНШЕ ЖАС ТАЛАПКЕР, АЛМАТЫ СЕНІ ҚҰШАҚ ЖАЯ ҚАРСЫ АЛАДЫ!**

